

2021 жылға акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 18 ақпандағы № 47 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 25 ақпанда № 4901 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2021 жылға акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Нығмашевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Б. Сапарбаев

Жамбыл облысы әкімдігінің
2021 жылғы 18 ақпандағы
№ 47 қаулысына қосымша

2021 жылға акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Жамбыл облысы әкімдігінің 21.10.2021 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Тауарлы балық өнімдерінің түрі	Өндіріс көлемі (тонна)	Бір килограмм балық азығына бөлінетін субсидиялар сомасы (теңге)	Субсидия көлемі, мың теңге
1	2	3	4	5
1.	Тұқы тұқымдас балықтар мен олардың будандары	233,36	105	24503,0
2.	Албырт тұқымдас балықтар мен олардың будандары	103,703	270	28000,0

Барлығы		52503,0
---------	--	---------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК